

өлеңде және жинақтағы бар өлеңде автор мөп-мөлдiр шындықты тап-таза ағысқа, ақындық ағысқа айналдырып, соншалық бiр кең тыныспен еркiн, ешқандай қитықсыз, есiле, кесiле жырлаған. Әр өлең кәдiмгi қиыннан-қиысу жағынан жасандылықтан аулақ, соншалық табиғи, тiптi оп-оңай кұйыла салған секiлдi» [10,209 б. ].

Қ.Мәшһүр-Жүсiп «Қадыр Мырзалиев шеберлiгi» мақаласында «Қазақ ақындары iшiнде Қадыр Мырзалиев әр жинақ сайын өзiн-өзi қайталамауымен, әр кiтабын белгiлi бiр тақырыпқа кұрып, бiрiндегi ойды екiншiсiнде алға апаруымен, сөйтiп, күрделi өмiрдi неғұрлым жан-жақты бейнелеуiмен ерекшеленедi» [16, 211 б. ].

Қадыр Мырзалиев қазақ елiнiң ұлтжандылығы мәселесiмен ғана айналысып қоймай, елдiң экономикасы мен экологиясы мәселесiнде де өзiндiк қолтаңба қалдырған тұлға. Үзiндiде биiк тау деген сөз жоқ, бiрақ жай судың емес, өзен суының ақ көбiктенiп, кұлауына қарағанда, сонымен бiрге ат-көлiктiң өте алмауынан таудың биiк екендiгiн аңғарамыз. «Топ еткенде апорты Алма ағаштан, Бiреу қағып түскендей естiледi» [11,19 б.].

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Ақбай Ж. Қадыр. Орал, Полиграфсервис, 2011. – 164 б.
2. Мырза Али Қадыр. Иiрiм. –Алматы, Атамұра, 2004. – 360 б.
3. Мырза Али Қадыр. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. – Алматы, Қазығұрт, 2001. Т-1: күмiс қоңырау: өлеңдер, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегiлер, диалогтар, мазақтамалар. – 480 б.
4. Мырза Али Қадыр. Жазмыш. –Алматы, Атамұра, 2004. – 480 б.
5. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы, 1997. – 287 б.
6. <http://archive.turkystan.kz/page>
7. Тарихи тұлғалар. Танымдық көпшiлiк басылым. Кұрастырғандар Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматыкiтап, ЖШС, 2006. – 376 б.
8. Мырза Али Қадыр. Көкейкестi. Өлеңдер мен толғаулар. –Алматы, Атамұра, 2003. – 280 б.
9. Мырза Али Қадыр. Егiз жолдар. –Алматы, Жазушы, 2008. – 320 б.
10. Мырза Али Қадыр. Көкейкестi. Өлеңдер мен толғаулар. –Алматы, Атамұра, 2003. – 280 б.
11. Дәдебаев Ж. Қазiргi қазақ әдебиетi: Лекциялар курсы. – А.: Қазақ университетi, 2003. – 284 б.

### Ә. БӨКЕЙХАН: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ

**Бейсенбекова Н.А.**, т.ғ.к., доцент

«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетi  
Қарағанды қ., Қазақстан

XX ғасырдың алғашқы ширегiндегi Қазақ мемлекеттiгiн жаңғырту жолындағы күрес тарихы - Қазақстан тарихының өзектi мәселелерiнiң бiрi. Осы жолда Алаш қозғалысы мен Алашорда үкiметiнiң және осы қозғалысқа басшы болған қазақтың ұлттық-либеральдық интеллегенциясының шығармашылық қызметi мен саяси iс-әрекетiне XX ғасырдың 80-шi жылдарының екiншi жартысындағы қайта кұру, жариялылық, пiкiр плюрализмi, демократияға дейiн ғылыми зерттеулер мен әдебиетте өте қатал әрi әдiлетсiз баға берiлiп келген.

Алаш қозғалысы мен Алашорда үкiметiнiң шын тарихы, тек Қазақстан тәуелсiздiк алғаннан кейiнгi жылдары жаңа парадигма негiзiнде зерттелiп келедi.

Алаш қозғалысының ұлттық тарихтағы орнын зерттеудiң методологиялық негiздемесi ретiнде Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегiн айтуға болады [1, 153-180]. Еңбектiң «Алаш мұрасы және осы заман» деп аталған тарауында «... Жиырмасыншы ғасырдың тарихына зер салатын болсақ, оның алғашқы отыз жылында-ақ қазақ зиялыларының аса көрнектi қайраткерлерiнiң тұлға танытып үлгергенiн байқаймыз.

XX ғасырдың басында ұлттық бiрлiктi нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделi игi жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау мiндетiн өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлi тарабынан шыққандар, әрi ең алдымен дәстүрлi дала ақсүйектерiнiң өкiлдерi едi. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал», - дей келе, Елбасы Н. Назарбаев ойын әрi қарай былай деп жалғастырады: «Алаш» партиясының бағдарламасын жүзеге асыру барысында дәстүр мен

жаңашылдықты ұштастыру арқылы бұрынғы қазақ қоғамындағы белгілі қайшылықтардан арылуға мүмкіндік туды. Онда тұжырымдалған өтпелі кезең қағидалары жаңғырту қарекетін біршама жүйелі атқаруға жағдай жасады...».

Отандық тарихқа арналған «Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)» деп аталатын көп томдық академиялық зерттеудің IV томында тарихнамалық бөлімінде Алаш зиялылары туралы шыққан еңбектер туралы айтылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, тарихымыздың осы мәселесін зерттеген тарихшы ғалым Кеңес Нұрпейісов болды.

К.Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» деген еңбегінде [2] Алаш қозғалысымен байланысты мәселелер жан-жақты зерттелді. Бұл еңбек үлкен төрт тараудан тұрады. Мәселенің тарихнамасы мен деректері жеке бір тарауды құрайды. Алаш қозғалысының басталуы, 1917 жылғы революциядан кейінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай, Алаш партиясының құрылуы, Алашорда және Совет өкіметі арасындағы қарым-қатынас баяндалды. Алаш қозғалысы, бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым екендігін, бұл ұғымға: біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны (Алаш атты қазақтың мемлекеттігін) басқаруға тиісті болған алаштың ордасы (Алашорда үкіметі) кіретіндігін жазады. Соның ішінде Әлихан Бөкейханның өз заманындағы беделі, Алаш зиялыларының оның пікірімен санасатындығы, Алаш саяси партиясының және Алашорда үкіметін құрудағы оның қызметі туралы айтылады.

Автордың бұл еңбегінде Отандық тарихта бірінші рет десе де болады, Алаш және Алашорда тарихының тарихнамасы мен деректік көздеріне талдау жасалады. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектерін талдап, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылу тарихын көрсетеді. Автор өз еңбегінде Алаштанудың басты бағыттарының бірі Алаш пен Алашорданың әлеуметтік табиғатын, олардың қазақ қоғамының қандай бөлігіне сүйенгенін анықтау деп көрсетеді. Еңбектің төртінші тарауы Алашорда мен Совет өкіметі туралы проблемаға арналған. Бұнда автор Кеңес өкіметі мен Алаштың орнауы туралы нақты фактілерге сүйенген тарихты жазады. Әсіресе осы тарауда қызықты, бұрын жарияланбаған, ғылыми айналысқа алғаш енген деректер негізінде Алаш пен Алашорданың азамат соғысы жылдарындағы қызметі жан-жақты баяндалады. Онда Әлихан Бөкейханның 1919 жылы ақпанның 11-де Қолчак үкіметінің ресми делегациясымен жүргізген келіссөздерін бере отырып, сол кездегі Алаш қарулы күштерінің саны үш мың жауынгер болғанын көрсетеді. Сондықтан да әскері әлсіз Алаш автономиясы азамат соғысы барысында шешуші роль атқара алмаған деп ой қорытады. Советтермен жаңа келсімге келу жолдарын іздестіру және Алашорданы тарату туралы деректерді жинап, талдап жазуы автордың ғылыми лабораториясының ұтымдылығын, ерекшелігін, зерттеу тәжірибесінің молдығын көрсетеді. Еңбектің соңында қосымша ретінде Алаш қозғалысына мүше болғандар мен ниеттестер тізімі мен Алаш партиясы бағдарламасының жобасы және Алаш қозғалысы жетекшілерінің көзқарас эволюциясы мен Совет үкіметі жылдарындағы тағдырына байланысты құжаттар берілген. Автордың осы еңбегі Алаш пен Алашорда тарихының маңызды кезеңін зерттеген алғашқы туынды және Алаштану тарихнамасының дамуына қосылған үлес болып табылады.

Әлихан Бөкейхан және Ахмет Байтұрсынұлы Ұлы Даладағы ұлттық демократиялық қозғалыстың бастауында тұрған тұлғалар. Екеуін қазақ ұлттық демократиялық қозғалыста бір бірінен бөліп қарауға болмайтындығын академик ғалым М. Қозыбаев айтқан болатын. Оның «Ғасыр тауқыметін арқалаған арыстар» деп аталатын мақаласында [3] Ленинге 1920 жылы көкек айында Қазақ Әскери ревкомның және Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің мүшесі А. Байтұрсынұлы жолдаған хатында Совет өкіметінің ұлт саясатына наразылық білдірді. А. Байтұрсынұлы Совет дәуірінде қазақ елінің өзін-өзі билеу проблемасын қояды. Бұл принципті тұжырымдап, М. Қозыбаев «Ахаң қазақ елінің шын мәнінде тәуелсіз ел болуын көздегені бірден көзге ұрады» дейді. Сонымен бірге ғалым А. Байтұрсынұлы жанындағы рухани пікірлестері Әлихан мен Міржақып қазақтың демократиялық либералдық бағыттағы зиялылары болғандығын көрсетеді. Үш алып еуропалық өркениеттік дәрежедегі қозғалысты қалыптастырды, Алаш бағдарламасын жасады, сонымен қатар рухани азық ретінде «Қазақ» газетін шығарды.

Белгілі алаштанушы, профессор, тарих ғылымдарының докторы, ғалым Мәмбет Қойгелдиев алғашқылардың бірі болып 1994 жылы «Әлихан Бөкейхан. Публицистика және ғылыми мақалалар» деген еңбегін құрастырды. Бұл еңбекте Ә. Бөкейханның өмірі, қызметі жайлы, оның біраз публицистикалық шығармаларын жинақтап енгізді [4]. Ғалымның кешенді еңбектерінің бірі «Алаш қозғалысы» деп аталады [5]. Осы еңбектің V тарауында ғалым Әлихан Бөкейханның Уақытша

үкіметтің Торғай облыстық комиссары ретінде қызметі мен уақытша үкіметтің жер саясатына байланысты оның өзіндік ұстанымдарын жеке талдап көрсеткен.

М.Қойгелдиев шығармалары казіргі отандық тарихнамаға үлкен үлес қосып, оның дамуына ықпал жасаған. Әсіресе, автордың тарихи тұлғалар еңбектері, оның ішінде Әлихан Бөкейхан мұрасы ұлттық болмысымызды уақыт контекстінде танып білуде Абай шығармаларын еске салып, олармен өзектес екенін көрсетеді. Әлихан Бөкейхан – тарихи тұлға, оның ұлт тарихында алатын орны жоғары, автор тұжырымы осындай. Ол қазақ халқының мемлекеттік дербестігі үшін XIX ғасырда Кенесары Қасымұлының бастауымен жүргізілген күресті XX ғасырдың басында, яғни жаңа тарихи жағдайда одан әрі жалғастырушы жалпы ұлттық қозғалыстың басында тұрды.

Әлихан Бөкейхан 1896-1903 жылдары аралығында Ф.А. Щербина экспедициясының жұмысына қатысып, қазақ даласына байланысты империялық биліктің көздеген мақсатын көріп, патшалықтың таяу арада ірі стратегиялық шараларды іске асыру үшін даярлық жасап жатқанын байқаған, яғни қазақ даласын ішкі ресейлік губерниялардан қоныс аударған шаруаларды орналастыру аймағына айналдыру екенін түсінді. Олай болса, өзінің жалпы ұлттық мүддесін қорғау ісінде ешқандай да ұйымдаспаған қоғамды басқару тетіктері түгелдей басқаның қолына көшкен қазақ еліне өмір және тіршілік көзі – жерден біржола айырылу қаупі төніп келе жатқанын Ә.Бөкейхан әбден түсінген еді – дейді автор. Тарихшы М.Қойгелдиевтің Ә.Бөкейхан туралы жазған еңбектері [6] қазақ тарихнамасында ғұмырнамалық зерттеулердің бастамасы, теориясы ретінде өз орны бар.

Тарихшы ғалым Талас Омарбековтың тарихнамалық мәні мол «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты еңбегі өте жоғары бағаға лайықты жұмыс [7]. Бұл еңбектің екінші авторы Ш. Омарбеков. Біріншіден, монографияның осылай аталуы, біздің бұл еңбекке деген қызығушылығымызды және құрметпен қарауымызды тудырды. Еңбек үлкен-үлкен екі бөлімнен тұрады. Әр бөлімі өз кезегінде бірнеше тарауларға бөлінген. Өте қызықты оқилатын бөлігі отандық тарихтың және тарихнаманың методологиялық мәселелері туралы автордың өзіндік пікірі, ондағы тарихты кезеңдерге бөлу туралы әртүрлі автордың көзқарасының талданып берілуі.

Аталған еңбектің деректерге сүйеніп жазылған бөлімінің бірі қуғындалған қазақ зиялыларының тарихи көзқарастары, онда авторлар бұл мәселенің деректік көздеріне тоқталып тәуелсіздік алған жылдардан бастап саяси қуғынға ұшыраған қазақ зиялыларының күрделі тағдыры жаңа методологиялық тұрғыдан зерттеле бастағандығын көрсетіп, жарық көрген ғылыми зерттеулерді бірнеше топқа бөліп қарастырған. Осы бөлімде авторлар Ә. Бөкейханның тарихи зерттеулеріндегі қазақ елінің тас, қола дәуірінен бергі тарихи, мекендеген халықтары, олардың мәдени, саяси әлеуметтік жетістіктері және отаршылдық, қоныстандыру саясатына деген көзқарасын, ұлт-азаттық күресінің бағытын, мақсат-мүддесін ашып көрсеткен.

Ресейдің отарлау саясатыменен, кеңес үкіметінің жүргізген зорлық-зомбылығы жайлы, қазақ зиялыларының жазықсыз қудалануы жайлы Қ. Қасеновтың, Г.Сафаровтың, Ғ. Ахмедовтың еңбектері бар.

Белгілі ғалым, абайтануды ғылыми негіздеуші әрі алғашқы мазмұнын жан-жақты зерттеуші, шәкәрімтанудың негізін қалаушы Қ. Мұхамедхановтың біраз мақалалары Әлихан Бөкейханға арналған. Мақалаларының бірінде ғалым қазақтың ұлы ақыны Абайды тұңғыш рет баспасөзде танытқан Әлихан Бөкейхан екендігін жазады [8].

Алаш тарихын зерттеушілердің қатарында М. Құлмұхаммедтің есімін атаған дұрыс. Оның монографияларында Алаш қайраткерлерінің саяси-құқықтық көзқарастары, «Алаш» бағдарламасының мәні мен оның шынайылығы қарастырылған [9].

Отандық тарихты, оның ішінде қазақ қоғамындағы мәдениет пен интеллектуалдық әлеуметтің өзекті мәселелерін зерделеу және оны оқу барысында қазақ зиялыларының тұлғалы өкілдерінің тағдыры мен ой-пікірлерін құжаттық негізде аша отырып зерттеген ғалымдарың арасында Х. Әбжановтың Г. Назарбаевамен бірлескен және басқа да еңбектерін айтуға болады [10].

«Алаш қаласының тарихы» атты зерттеудің авторы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Е. Сыдықов өзінің еңбегінде Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялыларының есімімен тікелей байланысты Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі кеңселері, Алашорда соты мен әскері, Алаш мектептері мен мұғалімдері, Алаш мешіттері және мерзімді басылымдар – «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналы туралы жазады [11].

Әлихан Бөкейханды жан-жақты зерттеуде өзіндік үлес қосып жүрген ғалымдардың бірі, әлихантанушы, Сұлтан Хан Аққұлұлы. Ол баспасөз беттерінде қазақ және орыс тілдерінде Әлихан Бөкейханға қатысты көптеген мақалаларын жазды. Сонымен бірге Ұлт көсемінің 150 жыл толуына арнап, Ә. Бөкейханның өмірі мен сан қырлы қызметі туралы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде 1990 жылдан бастап 2016 жылдың аралығында мерзімді басылымдар, әдеби-қоғамдық және ғылыми

журналдарда жарық көрген зерттеулер, мақалалар мен сұхбаттар, дөңгелек үстел материалдары топтастырылған еңбегін шығарды. Осы еңбекпен қатар ғалым, зерттеуші «Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы» және «Әлихан Бөкейхан. Аманат» деп аталатын екі томдық жинақты қазақ және орыс тілдерінде, 15 томдық Ә. Бөкейханның 150 жыл толу аясында арнайы бастырып шығарды.

Ғ.Қожахметовтың ғылыми еңбектерінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының мемлекетшілдік ой – пікірлерінің заңнамалық негіздері және Ресей Мемлекеттік Думасында қазақ даласының жер, дін, тіл мәселелері, қазақ мұсылман депутаттарының қызметі, соның ішінде Әлихан Бөкейханның мемлекет туралы көзқарастары беріледі.

Қазақстан тарихының кеңестік кезеңде тыйым салынған тұстарын жаңа қырынан зерделей отырып, алаштың ардақты ұлдарының азаматтық тұлғаларын шынайы, өз болмысында сомдап, танытуды мақсат тұтқан С. Өзбекұлының «Арыстары алаштың: тарихи очерк» атты еңбегі. Автор бұл еңбегін Қазан төңкерісіне дейінгі мерзімді баспасөз беттерінен жиырма жыл бойы жинаған материалдары негізінде жазған. Өзінің ғылыми ізденісі барысында ғалымның жазған бұл зерттеуі ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамында ғұмыр кешкен, бірақ кезіндегі саяси қуғын-сүргінің зардабынан есімдері саналы түрде «ескерілмей» келген халық қайраткерлерінің ұлт болашағы үшін атқарған қыруар қызметтерін, олардың қоғамдық-саяси, құқықтық көзқарастарын сол заманның көкейкесті мәселелерімен ғана емес, сонымен қатар бүгінгі күннің тыныс-тіршілік, талаптарымен де ұштастыра білгендігімен құнды.

Тәуелсіз елдің ғалым-зерттеушілері Әлихан Бөкейхан жөнінде кешенді зерттеулер жүргізіп келеді. Солардың ішінде Т.Жұртбай, Д.Қамзабекұлы, О.Өмірзақ, Ә.Бәкір, М.Кенемолдин, С.Кенжеахметұлы, Ш.Забих және басқаларының есімдерін атауға болады. Мысалы, ғалым Тұрсын Жұртбай өзінің «Әлихан Бөкейханов және біртұтас Алаш идеясы» атты мақаласында 1917 жылы «Алаш» партиясы құрылу арқылы нақты мемлекеттік идеяның негізін қалаған БІРТҰТАС АЛАШ ИДЕЯСЫ-ның пайда болғанын айта келіп, «онда алаш қайраткерлерінің барлығының демі мен аңсары бар, ал ұйытқысы – Әлихан Бөкейханов болатын», - дей келе ойын әрі қалай былай жалғастырады: «...Мен барлық себептерді қазбалап жатпайын, өзіме жақын, өзім қырық жыл бойы зерттеген ұлттық идея – Алаш идеясы және Бөкейханов деген мәселеге байланысты тоқталайын.

Қазақ зиялыларының тағдырымен байланысты зерттеулер жазып жүрген Г.М. Какенова, Ж.У. Кыдыралина тәрізді ғалымдардың монографияларында ұлттық интеллигенция, «Алаш» партиясы және Алаш қозғалысына белсене қатысқан Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Жақып Ақпаев және басқаларының қызметі, ұстанымдары туралы баяндалады.

Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары және олардың Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуындағы алатын орындары мен рөлі мәселесі бағытындағы тақырыптар бойынша отандық ғалымдар кандидаттық, докторлық және қазіргі кезде магистерлік диссертацияларын қорғады. Солардың ішінде тек Әлихан Бөкейханмен байланысты өздерінің диссертациялық жұмыстарын С.Н. Малтусынов, Л.Р. Нұрғалиева, Э.Т. Сеитов, А.К. Мамраева, Р.К. Нурмагамбетова Ж.У. Кыдыралина, Д.А. Махат және тағы басқалары жазды.

Әлихан Бөкейхан тақырыбы оның жерлес ғалымдарының назарынан да тыс қалған жоқ. Ғалымдар Н.А. Бейсенбекова, Л.Қ. Шотбақова, З.Ф. Сақтағанова, Г.М. Смағұлова, Б.Т. Төлеуова, Қ.С. Өскембаев, А.Б. Жұмағұлов, Р.С. Каренов және басқалары өздерінің ғылыми мақалаларында Әлихан Бөкейханның қоғамдық-саяси қызметі, оның артына қалдырған бай мұрасының әр саласын ғылыми дерек ретінде зерттеп, түрлі басылымдарда жариялап жүр.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасына байланысты тарихи тұлғаны қоғамның мәдени, әлеуметтік-саяси және экономикалық дамуымен тығыз байланыстыра отырып, тұлғаның тарихи бейнесін ашуға талпынған ғылыми зерттеулер жазыла басталды. «Әлихан Бөкейхан – ұлт мақтанышы» деген монография да соның бірі.

Әлихан Бөкейханның тұлғалық бейнесін ашуда, оның шығармаларын қалың оқырманға таныстыруда бір топ астаналық ғалымдардың ғылыми және танымдық еңбектерін айтуға болады. Атап айтқанда, С.Жұмағұлов, Қ.Кемеңгер, Е.Токтарбай сияқты жас зерттеушілердің еңбектерінде осы мәселенің өзекті тұстары бірінші рет жазылуда. Аталған ғалымдардың еңбектерінің бір ерекшелігі қазақ даласындағы либералдық-демократиялық қозғалыстың халықаралық маңыздылығын көрсетіп, Ресей империясындағы саяси идеялық күрестің және оппозициялық партиялардың ықпалымен байланыстыра қарастыруларында. Сонымен бірге Алаш зиялылары туралы жаңа мұрағат материалдарына сүйене отырып, қазақ қоғамындағы өзгерістерді көрсете білді.

Әлихан Бөкейхан және Алаш тақырыбы қазақ ұлты өмір сүріп отырған жағдайда күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе болып қала береді. Бұл мәселе туралы тарихшы ғалымдармен бірге қоғам

қайраткерлері, әдебиетшілер, журналистер, жазушылар және өлкетанушылар, жалпы айтқанда ұлттық тарихқа қызығушылық танытып жүрген зиялы қауымның бәрінің жазуы қуантарлық жағдай.

Сонымен бірге Әлихан Бөкейханға арнап ғылыми-танымдық журналдардың арнайы сандары жарық көрді. Атап айтқанда Қарағанды қаласындағы «Болашақ» университетінің қолдауымен ай сайын шығып тұратын «Тіл және Рух» журналының 2012 жылғы № 10 (127) [12], ұлттық-этнографиялық «Дәстүр» журналының 2016 жылғы № 6 (49) [13] сандары толығымен Алаш көсеміне арналды. Соңғы аталған журналда жарияланған мақалалардың барлығы да құнды. Әсіресе алаштанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас ғылыми қызметкері Айгүл Ісмақованың «Әлихан Бөкейхан жолымен» мақаласы жастарға үлкен ой тастайды. Ұлт көсемінің 150 жылдық мерейтойына байланысты ұйымдастырылған «Әлихан Бөкейхан ізімен» халықаралық экспедициясы барысында атқарылған іс-шараларды баяндайды [14, 26-29].

Алаш қайраткерлерінің еңбектерін жинау, зерттеу және жариялау, Алаш мұрасына сараптама жүргізу, түсінік беру, сонымен бірге Алаш мұрасын көпшілікке кеңінен насихаттау бағытында үлкен жұмыс жүргізіп жүрген Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі «Алаш» мәдениет және рухани даму институты, Семей қаласындағы Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті жанынан ашылған «Алаштану» ғылыми-зерттеу орталығы және Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті тарих факультетінің жанында құрылған «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы ғалымдарының жұмыстарын айтуға болады.

Тарих ғылымының қазіргі кездегі даму сатыларында тарихтағы тұлғаның ролі мәселесі басым бағыттардың бірі болып отыр. Әсіресе қисынсыз ұмыт қалдырған тұлғаның өмірі мен қызметін зерттеу, сол арқылы қоғамдық-саяси жағдайды анықтау маңызды болып отыр. Тұлғаның бейнесі, оның атқарған қызметі, ол өмір сүрген қоғамдық орта арқылы ұлттық тарихты танып білетін кез жеткендіктен, методологияда тұлғаны сипаттау барысында оны бағалаудың белгілі бір немесе айқын элементі қажет. Осы аталғандар монография тақырыбын толықтай ашып тұр, яғни Әлихан Бөкейхан тұлғасы арқылы ол өмір сүрген ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы жағдайдың барлық қырларын айқындауға мүмкіндік туды.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында.-Алматы: Атамұра, 1999. - 296 бет.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда.-Алматы: «Ататек», 1995.-256 бет.
3. Қозыбаев М. Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың ұлы реформаторы // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999. 103-121 бб.; Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар // Егемен Қазақстан. – 1994. - 12 тамыз.
4. Қойгелдиев М. Әлихан Бөкейхан. Публицистика және ғылыми мақалалар.- Алматы, 1994. - 384 бет.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы).-Алматы, «Санат», 1995. - 368 бет.
6. Қойгелдиев М. Қуандым түнде жүріп, күн шығар деп ... [Ә. Бөкейхановтың саяси көзқарасы хақында] // Социалистік Қазақстан. – 1990. -14, 16, 17 январь; Алаш өткен жол // Ақиқат.- 1994. - № 1. – Б.41-46; № 3. – Б.53-59; Алаштың Әлиханы немесе ол туралы архив материалдарына сөз берсек // Ақиқат. – 1991. - № 11. –Б. 63-70; Әлихан Бөкейханов: [Саяси қызметі, «Алаш» партиясын ұйымдастыруы туралы] // Ақиқат. 1992. № 6. - Б.71-76.
7. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 388 б.; Әлихан Бөкейхан: тарихқа көзқарас // // Дәстүр. - 2016. - № 6 (49), қараша-желтоқсан. – Б.14-18.
8. Мұхамедханов Қ. Әлихан Бөкейхан туралы деректер // Семей таңы. – 1990. – 17 қаңтар; Абайды тұңғыш рет баспасөзде танытқан – Әлихан Бөкейханов // Түркістан.- 1995. – 9 тамыз; Әлихан Бөкейханов // Қазақ әдебиеті.- 1990. – 8 маусым. – Б.10-11.
9. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы». - Алматы, 1998; Формирование и развитие государственно-правовых идей лидеров Алаш-Орды. – Алматы: «Атамұр», 2000. - 240 с.; Программа «Алаш»: фальсификация и действительность. –Алматы, 2001.
10. Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Мақалалар.-Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС, 2003. – 296 б.; Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. – Астана: «Ана тілі - Ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС, 2007. – 272 б.
11. Сыдықов Е. Алаш қаласының тарихы. Зерттеу. – Семей, 2010.- 154 бет.
12. Тіл және Рух.- 2012. - № 10 (127).

13. Дәстүр. Ұлттық-этнографиялық журнал. -2016. - № 6 (49).  
14. Исмақова А. Әлихан Бөкейхан жолымен // Дәстүр. Ұлттық-этнографиялық журнал. - 2016. - № 6 (49). – Б.26-29.

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВ

**Бейсенбекова Н.А.,** т.ғ.к., доцент

«Тұлғатану» ғылыми зерттеу орталығының директоры  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

Еліміз Тәуелсіздік алды. Жаңа замана басталды. Ол Тәуелсіздік дәуірі. Тәуелсіздік ұлттық сананы оятты. Халқымыз өткен тарих жолына қайта қарады. «Отан, Бостандық, Тәуелсіздік, Егемендік, Ұлтжандылық деген ұғымдарды Тәуелсіздік тұғырынан қайта қарай бастадық. Тәуелсіздік – ғасырларға созылған ата-баба қанды жорығының дабылды, дауылды күресінің заңды жалғасы», - дейді академик Қозыбаев.

Тәуелсіздік – ұлттық жауапкершілік. Тәуелсіздігімізді сыртқы қызғаныштан, ішіміздегі алауыздығынан аман сақтап қалу – біздің тарих алдындағы ең басты парызымыз. Халық болып қанағат, тәуекел етіп елдігімізді сақтау үшін аянбай адал қызмет жасасақ тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болады. Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады. Еркіндік дегеніміз – ешкімнің күштеуінсіз өзінді-өзің қадағалайтын қатаң жауапкершілік. Ерлікке тағзым – елжандылыққа тағзым. Ынтымақ – біздің ұлттық дамуымыздың ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаты. Ғасырлар бойы армандаған мемлекеттік дербестігіне қолы жеткен қазақ халқы қазір нағыз ордалы жерде орнын, олжалы жерде олжасынан құр қалмай, үлесті жерде үлесін алды. Осы жолда бір кездегі пангерманизм, паиславизм, пантүркизм, панисламизм сынды астамшыл ағымдардың тарихынан сабақ ала білді.

Тарихтың сабағын біздің халық кешегі тұлғалардың тағдырын зерделеу арқылы біліп, жаңаша дамудың ұстанымы ретінде алып отыр. Көзі барда өзі, көзі жоқта олардың мұрасы халыққа демеу болған тарихи тұлғалардың рухы Мәңгілік ел – Қазақ елі тұрғанда өшпейді..

Қазақ халқының барша тарихы – осы тәуелсіздік үшін, елдік үшін, халықтың бас бостандығы үшін күрес тарихы. Тәуелсіздік үшін сан ұрпақ күресті, «Отан» деп қан майданға кірді. Сондақтан да Тәуелсіздік жолы – ұзақ жол, ғасырлық жол, ата-бабаларымыздың ерлік жолы. Мұхтар Әуезов 1944 жылы 18 маусымда Теміржолшы газетінде «Жыр жалауы Амангелді» деген мақаласында ел өмірінде, халықтың тарихында ұлы адамдардың алар орны жөнінде: «...Ер – ел тарихының белі дейміз. Ол өзі тірісінде бір танылады, өзі өткен соң кейінгі ұрпақ қадірін біліп, қасиетін таныған сайын тағы танылады. Әсіресе молайып, ұлғайып барған сайын, бар жаңалығы бадырая түсіп танылады. Бір кезде бел көрінсе, келер ұрпақ тарихына өз тұсында көрсетіп кеткен көмегімен, орнатып кеткен туымен, тастап кеткен үлгісімен, нұсқап кеткен бетімен, енді бел ғана емес, биік тұғыр боп, асқар тау боп көрінеді. Тарихта талай жақсының кейінгі дәуірлерде талайда-талай тағдыры бар. Солардың ішінде кейінгі дәуірлерде әсіресе алтын терек, асыл арыс аталып, ерекше қадыры арта үдей түсіп отыратыны бар. Бұлар анық қадырымен қымбаттылар». Бұл тарихи ой-пікірден ер мен елдің, халық пен батырдың диалектикалық байланысын көрсеткендігін байқаймыз. Бүгінде халқымыз тәуелсіздікке қолы жетіп өз тарихына терең үңіле бастағанына отыз жылдай уақыт болды. Ғасырлар бойы ескерусіз қалған «биік тұғыр», «асқар тау» болып көрінетін «алтын терек», «асыл арыстарға» бір сөзбен айтқанда қазақ зиялыларына арналған ғылыми-теориялық конференциялар, арнайы зерттеулер, мерейлік тойлар жүріп жатыр. «Бұл кейбіреулер айтқандай даңғазалық емес, ұзақ леторгиялық ұйқыдан ояңған халқымыздың санасына, жүрегіне жан біткеннің белгісі» [1.4-5].

Тәуелсіздіктің арқасында қазақ халқы рухани тәуелсіздігіне де ие болды. Ғасырлар бойы отаршыларға табынып келген халық бүгінде ата-баба салтын, даңқын, жолын қайта жаңғырта бастады. Бұл оңайлықпен іске асып жатқан жоқ. Кешегі совет заманында коммунистік идеологияның құлы болған зиялы қауым жаңа мұраттар іздеуде. Осы жолда ұлттық Қазақстандық патриотизм көп этносты халықтың жарасымды өмір сүруі, мәдениетке, өнерге, ғылымға мемлекеттік серпін беру принциптері болашақ идеялық өмірдің арқауы болып, әртүрлі саяси көзқарастағы діні, тілі, әртүрлі халықтардың үйлесімділігін арттыру жолы нақтыланды. Аз ғана уақыттың ішінде рухани өмір серпіні өрлеп, жаңа бір белеске шығып келеміз. Тәуелсіздіктің негізі – елімізді іргелі ел қылу, халқын серпіту, тұрмысын шалқыту, мәдениетін көгерту, экономикасын жетілдіріп, халық